

Ауданда әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ұйғыр аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 25 ақпандағы N 5-64 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Ұйғыр ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 2 сәуірде N 2-19-74 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 25 қаңтардағы N 02-50 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ұйғыр ауданы әкімдігінің 2010.01.25 N 02-50 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 3-тармағының 1-тармақшасына және 18-1 бабының 4-тармағына сәйкес, нысаналы топтағы халықтың жұмыспен қамтылу шараларын кеңейту мақсатында Ұйғыр ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын құруды ұсынған жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын құру жөнінде жұмыс берушілермен келісім шарт жасау уәкілеттілігі "Ұйғыр ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Тұрдыбакиев Т ұ р с ы н ж а н ғ а берілсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау, аудан әкімінің орынбасары Деменбаев Даулетжан Модинұлына жүктелсін.

Аудан әкімі	К. Омаров	
Ұйғыр	ауданы	әкімдігінің
"Әлеуметтік	жұмыс	орындарын
ұйымдастыру	туралы"	26 ақпан
2009 жылғы	N 5-64	қаулысына
қосымшасы		

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың ТӘРТІБІ

1. Жалпы ереже

1. Осы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тәртібі" (бұдан әрі Тәртіп) Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабының 3-тармағының 1-ші тармақшасына және 18-1 бабының 4 тармағына сәйкес, нысаналы топтағы халықтың жұмыспен қамтылу шараларын кеңейту мақсатында жасалған.

2. Осы Ережеде қолданылатын, негізгі ұғымдар:

1) Әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды тұрақты жұмысқа орналастыру үшін, жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) уәкілетті орган – жергілікті атқарушы органдардың аймақтық деңгейде халықтың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу ісін және жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі – уәкілетті орган);

3) Нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар.

4) Жұмыс беруші-қызметкер еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға;

3. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасқан жеке тұлғаларға, Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамту және әлеуметтік сақтандыру туралы заңдары өз күшін сақтайды.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмысқа орналастырудың тәртібі

4. Әлеуметтік жұмыс орындарының саны шектелмейді, жұмыс уақытша сипатта болады және оны ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар пайдаланылмайды.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға тілек білдірген жұмыс берушілер, жергілікті атқарушы органмен (жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті орган) атқарылатын жұмыстың түрлері, көлемі, еңбекақы төлеу мөлшері мен шарттары, әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландырудың мерзімі мен көздері көрсетілген келісім шарт жасайды.

3. Әлеуметтік жұмыс орнының қаржыландыру көздері мен жағдайы

6. Әлеуметтік жұмыс орнына қабылдаған азаматтардың еңбек төлемі Қазақстан Республикасының "Еңбек туралы" Кодексіне сәйкес жасалатын

келісім шарт бойынша жүргізіледі және саны мен сапасына күрделілігіне
б а й л а н ы с т ы б о л а д ы .

7. Әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған азаматтарға төленген еңбек төлемінің шығыны жергілікті бюджеттен Қазақстан Республикасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінде өтеледі және оның жеке есеп шотына аударылады.

4. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруды қадағалау және қаржыландыруды бақылау

8. Әлеуметтік жұмыс орнын ұйымдастыруды және қаржыландыруды бақылау заңмен белгіленген тәртіпте, уәкілетті орган тарапынан жүзеге асырылады.

*Ұйғыр ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің
бастығы: Т. Тұрдыбакиев*